

Л2005  
5863 14

Ақмарал АРЫСТАНБЕКОВА

ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ  
және  
ҚАЗАҚСТАН

Ақмарал АРЫСТАНБЕКОВА

**ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ  
және  
ҚАЗАҚСТАН**



“АУДАРМА” БАСПАСЫ  
АСТАНА – 2004

327.7:327(574)

ББК 64.4 (5 қаз)

А 86

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Арыстанбекова А.Х.**

**А 86** Ұлттар Ұйымы және Қазақстан. Аударған Қайнар Олжай.  
Астана: Аударма, 2004. — 416 б. +1,5 б.т. жапсырма.

ISBN 9965-18-115-2

Кітапта біздің жаңа, тәуелсіз мемлекетіміздің Біріккен Ұлттар Ұйымына қосылғаны, осы басты халықаралық ұйым аясындағы алғашқы айлары, жылдары және Қазақстан мен БҰҰ арасындағы қарым-қатынасты дамыту, нығайту туралы өңгіме болады.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 49-шы сессиясының Төраға орынбасары болған, әрі оның Комитеттерінің басшылық органдарында қызмет атқарған автор Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның сан қилы мекемелерінің іс-әрекет тетіктерімен жете таныс.

Кітапта Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылу тарихы, оның саяси, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық салаларындағы, қарусыздану, халықаралық қауіпсіздікті сақтау, бітімгершілік және ізгі ниетті дипломатия шеңберіндегі тау-сылмас тірлігі жайындағы дәйектер мен деректі материалдар келтірілген.

Кітап дипломаттарға, халықаралық қатынастар саласының мамандарына, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған. Ұғынықты да мәнерлі тілімен тартатын бұл еңбек сан алуан оқырмандарға ой салады.

*Хұқық иесінің келісімінсіз бұл кітаптағы  
материалдарды толық немесе үзінді түрінде  
пайдалануға тыйым салынады.*

А 0802000000-119  
00(05)-04


ББК 64.4 (5 қаз)

© Арыстанбекова А.Х., 2004

© “Дайк-Пресс” баспасы, 2002 А.Х., 2004

ISBN 9965-18-115-2

© “Аударма” баспасы, 2004





THE SECRETARY GENERAL

3 May 2002

Dear Ambassador Arystanbekova

*I should like to thank you for your letter of 19 April 2002 and for your book "The United Nations and Kazakhstan".*

*I would like to express my sincere appreciation for your passionate support for the work of the United Nations. Your book is a clear testimony of your commitment and is without doubt a welcome addition to the history of the Organization. I was most touched by the kind words that you dedicated to me.*

*With assurances of my highest consideration.*

Her Excellency  
Ms. Akmaral Arystanbekova  
Ambassador of the Republic of  
Kazakhstan to France  
Paris

KOFI A. ANNAN

БАС ХАТШЫ

3 мамыр 2002 жыл

*Құрметті Елші Арыстанбекова!*

*Сіздің 2002 жылы 19 сәуірдегі хатыңыз үшін және Сіздің "Объединенные Нации и Казахстан" кітабыңыз үшін Сізге алғысымды білдіргім келеді.*

*Сіздің Біріккен Ұлттар Ұйымын жан-тәніізбен қолдайтыныңыз үшін өзімнің шынайы құрметімді жеткізім келеді. Сіздің кітабыңыз Сіздің мұратыңыздың жарқын куәсі болып табылады, әрі сөз жоқ, Ұйымның тарихын тануға қосылған елеулі үлес деп қарастырылады. Сіздің маған арнаған жылы сөздеріңізге барынша тебірендім.*

*Менің барынша құрметіме сендіруімді қабыл алайсыз.*

Жоғары Мәртебелі  
Ақмарал Арыстанбекова ханымға  
Қазақстан Республикасының  
Франциядағы Елшісіне.  
Париж.

КОФИ АННАН

## АҒАЙЫНҒА АЗҒАНА СӨЗ

1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.

Осынау тарихи тағылымды күні біздің жаңа тәуелсіз мемлекетіміз халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналды.

Осы күннен бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы біздің жас мемлекетіміздің тәуелсіздігінің кепіліне және халықаралық мінберіне айналды.

Тағдырдың мандайға жазғаны шығар, Қазақстанның БҰҰ-ға мүшелікке өтуін даярлау, осынау халықаралық ұйым мен біздің ынтымақтастығымыздың негізін қалыптастыру, сегіз жыл бойына біздің еліміздің осындағы өкілі болу маған тапсырылды.

БҰҰ-дағы бірінші жұмыс күнімнен бірегей Ұйымның күрделі тетіктерін бажайлап, сан қырлы дипломатияның күрделі ғылымын меңгеруге ұмтылғанда мен оның халықтар арасындағы ынтымақтастық пен тілдесудегі таптырмас құрал ретіндегі миссиясы мен роліне тәнті бола түстім. Уақыт өте келе білімім мен тәжірибем молайған сайын бұл құрметім де ұлғая түсті.

Көптеген әріптестерім мен достарым біздің мемлекетіміздің ұлттардың халықаралық шаңырағына қосылған, осынау беделді бүкіләлемдік басқосудың белсенді және көпшілік таныған мүшесі болып қалыптасқан тамаша кезені туралы жазуым қажеттігін айтып жүрді.

Бұл ниетке мен Қазақстан Республикасының БҰҰ-дағы бірінші Тұрақты Өкілі ретіндегі қызметімді тоқтатқан соң мүлде бекіндім. Өмірімнің Біріккен Ұлттар Ұйымымен қатысты болған кезеңіндегі қызықты және қат-қабат оқиғаларға сырттан қараудың, сол арқылы оның қызықтары мен қиындықтарын жаңаша бағалаудың мүмкіндігі туды.

Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болғанының он жылдығы тұсында мен осы туралы әңгімелеуді өз парызым деп санадым. Менің әңгімем ең алдымен, өзімнің жеке жазбаларым мен естеліктеріме, өзім әрдайым құмарта оқыған БҰҰ-ға арналған кітаптарға және әлбетте, Ұйымның ресми құжаттарына негізделеді. Оның көбін қайта қопарыстыруға тура келді.

Бұл кітапты оқыған адамның кеудесін біздің Отанымыз үшін мақтаныш кернейді деп үміттенемін. Сол мақтаныш сезіміне БҰҰ-да жұмыс істеген сегіз жыл бойы бөленіп жүрдім.

Бұл кітапты оқыған адам адамзаттың баға жетпес құндылығы — Біріккен Ұлттар Ұйымын құрметтей түседі деп үміттенемін.

---

## АЛҒЫ СӨЗ

**А**қмарал Арыстанбекованың кітабы — соңғы жылдарғы халықаралық қатынастар мен мемуарлар әдебиеті қатарындағы көрнекті құбылыс. Кітап Қазақстанның БҰҰ-дағы өкілі ретінде Нью-Йоркке келгендегі соны әсерлермен жазылған. Бұл — Қазақстанның БҰҰ-ға қосылуы туралы, халықаралық аренадағы қаз басқан қадамы туралы қажетті және тағылымды очерк қана емес. Жазарман бірнеше тақырыпты бірден және бірдей қарастырады. Ең алдымен, ол 90-жылдардың басындағы дәуірлік дүрбелеңдер. Бұл материал әсермен берілген, болып жатқан құбылыстарға тез селт етумен айшықталады. Автордың оптимизмі, жедел өзгерген айналаны жағымды қабылдауы, елінің болашағына сенімі өзіне пейілдес етеді. Сонымен бірге бұл БҰҰ тарихы мен біздің ғаламшардағы мемлекеттердің ұжымдық әрекеттерін келісудің орасан орталығы ретіндегі роліне тың көзқараста. Жазарман «қырғи-қабақ соғыс» тайталасы тұсындағы, содан кейінгі біртұтас ғаламдық қауымдастық түріндегі түсіністік кезіндегі БҰҰ тіршілігін де өз пайымдауымен бейнелейді. Қазақстанның БҰҰ-дағы әрекетін саяси сараптау халықаралық қатынастардың тарихи тағылымына саяхаттарға және мемуарға сабақтасады.

Кітапта халықаралық ұйымның көкейкесті, саяси мәнді міндеттеріне ерекше орын берілген. Автор БҰҰ-ға, оның күрделі халықаралық шытырмандарды шешудегі ерекше

миссиясына кәміл сенеді. Жедел өзгеріп жатқан жұмыр жерде БҰҰ қандай орында және қай рольде ойнайды деген сауал кітаптың үлкен бөлігін иеленуге хақылы және әлемдік саясат астарлары шебер әспеттеледі.

Әлбетте, халықаралық қатынастар жүйесіндегі БҰҰ орны мызғамай тұруы керек. Миллиондардың тағдыры көп ретте Ұйымның тәжірибесі қаншалықты терең және дұрыс меңгерілгеніне қатысты. Жарғы бойынша мүше мемлекеттердің әрбірі ұстындық принциптерді сақтауға өз үлесін қосуға хақылы.

Ақмарал Арыстанбекованың таудай болып үйілген БҰҰ материалдары мен құжаттарын тыңғылықты талдағанын атап өту керек. Ол Ұйым тарихын таразылаған жұмыстардан да көптеген қызғылықты деректерді сүзіп алған. Бұл білім мен дипломатиялық өрістегі практикалық тәжірибе Арыстанбекованың бойында болып жатқан жағдайларға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырды. Өңгіме Балқан соғысы мен 1998 жылғы Ирак дағдарысына келгенде 90-шы жылдардың басындағы жарқын күйдегі жазулардың орнын тізгін тартыңқыраған, тіпті алаң көңілдегі жазбалар ауыстырғанын көргенде, қазіргі тарихтың тағылымын ұғынамыз. «90-шы жылдардағы Балқан соғысы, — деп жазады автор, — тыныш та тұрақты әлемге деген үмітті өшіріп, Қауіпсіздік Кеңесі мүшелері арасындағы қайшылықты ұлғайтып, оның беделіне көлеңке түсіріп кетті». Жазарман бұл тақырыпты өрістетіп, халықаралық жанжалдарды шешу барысында қару қолдануға қатысты және халықаралық қатынастардың саяси-құқықтық сатысына қатысты мәселелерді қайта ой елегінен өткізу керек деген қорытынды жасайды.

Бұған қисынды шешімдерді көпқырлы негізде табатын және өре түрегелуді болдырмайтын БҰҰ-ның қолындағы қазіргі мүмкіндік халықаралық қазанда қайнап жатқандардың баршасының мүддесін ойластыра отырып жүзеге асуы керектігін қосуға болады.



Автордың ядролық сынақтар зардабына ұшыраған Семей аймағының экожүйесіндегі жағдайға назар аударту жөнінде өзінің қалай күш-жігер жұмсағанын жазғаны барынша жағымды әсерде қалдырады. Осы өлкенің тұрғындарына көмек көрсету үшін барлық ресурстарды жұмылдыру — бейнетті де зейнетті, шын жүректен құттықтауға тұрарлық жұмыс.

Нью-Йоркте өмір сүру дипломатқа ықпалды, марғасқа және кәдімгі қызғылықты адамдармен жүздесу мен танысудың мол мүмкіндігін берді. Бұл мүмкіндікті А. Х. Арыстанбекова шамасы, толықтай пайдаланған. Мен оның халықаралық ұйымның өмірімен жанасқан жылдарына куә болдым, сондықтан Арыстанбекова — табиғатынан дипломат: араласқанға ашық-жарқын, адамдарды өзіне баурайтын қасиеті бар дей аламын. Халықаралық саясатпен айналысушылар ортасында жеке бастың сүйкімділігі дипломатты табысқа жетелейді. Ақмарал өзінің таланты мен еңбексүйгіштігінің арқасында кәсіби табыстарға жеткенін шын сүйіспеншілікпен бақылап жүргенімді мойындауға тиіспін. Оның кәсіби біліктілігі мойындалғанына Бас Ассамблеяның Вице-Председателі, Бірінші Комитеттің бюро мүшесі болып сайланғаны куәлікке жүреді.

Ақмарал Арыстанбекованың алдарыңыздағы жұмысы қасаң арнадағы монографияға да, мемуарға да жатпайды. Кейбір тұстарына қазіргі әдебиеттегі кең таралған пост-модернизм реңкі қосылған. Бірақ, одан еңбектің сыны бұзылмаған. Кітап құмарта оқылады, көркем тілмен кестеленген, қызықты және жарқын көріністермен дестеленген. Оқырмандарға ұсынылып отырған кітап елдің халықаралық істердегі ықпалы тікелей дипломатияға қатысты, ал дипломатияның шеберлігін оны жүзеге асыратындар шыңдайды деген ойды шегелейді. А. Х. Арыстанбекова өзінің дипломатиялық қызметін Парижде жалғастырды. Бұл — жана асу, жана әсерлер мен тебіреністер, демек, жаңа кітап екені талас тудырмайды.

**В. Ф. Петровский.**

## НЬЮ-ЙОРККЕ ОРАЛУ

**1991** жылдың 20-шы желтоқсанында жұма күні мен Аэрофлоттың рейсімен Нью-Йоркке ұшып келдім. Ұшақ Дж. Ф. Кеннеди атындағы әуежайға қонғанда кешкі сағат бес еді.

Мені КСРО-ның БҰҰ жанындағы Тұрақты Өкілдігінен Борис Цепов бір құшақ алқызыл раушан гүлімен қарсы алды. Онымен бір жыл бұрын Нью-Йоркте танысып, жақсы достасып кеткенбіз. Ол КСРО-ның БҰҰ жанындағы Тұрақты Өкілі, Елші Ю. М. Воронцовтың құттықтауын жеткізді, мен енді сол кісінің басшылығымен жұмыс істемекпін.

Автокөлігіміз кешкі Нью-Йорктің көшелерімен келеді. Қыстың суық кеші еді, көшеде қар көрінбейді. Квинсборо-бридж көпірінің жоғары қабатына шыққанымызда алдымыздан оттары жарқыраған Манхэттэнның көрінісі жарқ етті, инесі көкке шаншылған атақты Эмпайр-Стэйтс-билдинг, «Крайслер» корпорациясының төбесі айналып барып үшкілденіп бітетін зәулімі, Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымының өз қарапайымдығымен тәнті ететін егіз мұнарасы көзге оттай басылды.

Нью-Йорк қай кездегідей де әдемі еді. Оның кең көшелері рождестволық әшекейлердің сан түрлі оттарына көміліп тұрды. Мен енді авенюлердегі машиналардың таусылмас тізбегіне, тротуарлармен асыға кетіп бара жатқан сан тілді адамдардың топтарына, өз көлемімен және

көркемдігімен тәнті ететін көкке ұмтылған зәулім үйлердің жарық терезелеріне қомағайлана қарап отырдым.

Манхэттэннің орталығында Үшінші және Лексингтон авенюлерінің арасындағы 67-ші көшеге 136 East 67 th street мекен-жайына орналасқан, КСРО-ның БҰҰ-дағы Тұрақты Өкілдігінің өзіме таныс ғимаратына жеттік. Өткен 1990 жылы қыркүйектен қарашаның соңына дейін БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-ші сессиясына келгенде осы жерде үш айды өткізгенмін. Енді осында тұруым және жұмыс істеуім керек еді.

Менің өмірімдегі жаңа кезең басталды...

1991 жылдың қазан айында Президентіміз Н. Ә. Назарбаев аяқ астынан Нью-Йорктегі кеңестік өкілдікке Қазақстан өкілі болып баруым туралы ұсыныс айтқан. «Біз үшін БҰҰ-мен байланыс орнату ауадай қажет, — деді ол кісі маған. — Бас Ассамблеяның сессиясында жақсы жұмыс істедіңіз және ондағылар Сізді таниды».

Басында бірден келіскен едім, бірақ соңынан бойымды күдік билей бастады: үлкен өзгерістерді күткен үрейлі кезде жат елге баруым керек.

Мен кенес сұрап хабарласқан КСРО Сыртқы істер министрінің орынбасары Владимир Федорович Петровский күдігімді сейілтті. «Ондағы жұмыс қызғылықты және Сіз көптеген ақжарқын адамдармен кездесесіз» деді ол маған.

Әдеттегідей, ақылдың сүбелісін шешем айтты: тапсырған экен, баруың керек және тездеткенің, Одақтың барында жетіп алғаның жөн.

Мен түпкілікті келісімімді бердім, содан желтоқсан айының басында БҰҰ жанындағы КСРО Тұрақты Өкілдігінің аға кеңесшісі және Қазақстан Республикасының өкілі қызметіне тағайындалдым. Өзінің бірінші жалпы халықтық сайлау науқаны барысында Президент менің тағайындалғанымды егемен Қазақстанның сыртқы саяси байланыстарды дербес жүргізе бастағанының мысалы

ретінде келтірді. Егемен республикамызды Кеңес Одағының сыртқы саясатын жасауға және жүргізуге тарту, шетел мемлекеттерімен дербес сыртқы байланыстарды дамыту 1989 жылдың қараша айынан 1991 жылдың желтоқсан айына дейін Қазақ КСР-нің, соңынан Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі ретіндегі жұмысымының басты мақсаты болған.

Сонау 1944 жылы КСРО Конституциясы мен одақтас республикалар конституцияларына өзгерістер енгізіліп, республикаларға сыртқы саясат саласында өкілеттілік берілгені мәлім. Соған сәйкес одақтас республикалар шетел мемлекеттерімен тікелей байланыс орнату, олармен келісім жасау мен дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасу құқығын алды.

Дипломатия тарихшыларының жазуы бойынша, мұндай конституциялық реформаны жүргізу сол кезде құрылып жатқан халықаралық ұйымға — болашақ БҰҰ-ға одақтас республикаларды қосудың заңдық негізін әзірлеу үшін қажет болыпты. 1944 жылы Кеңестің министрі А. А. Громыко Біріккен Ұлттар Ұйымын құруға қатысты мәселелер талқыланған халықаралық конференцияда КСРО басшылығы атынан ұйымның бастапқы мүшелеріне барлық 16 кеңестік республикаларды қосуды талап етті. Алайда, бұл ұсыныс қолдау таппады, айналып келгенде Украина мен Белоруссия КСР-лері БҰҰ-ның бастапқы мүшелері болып, БҰҰ жанынан өздерінің тұрақты өкілдіктерін құрды.

Одақтық республикалар өкілдерін БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясына жалпыодақтық делегация құрамына қосу практикасы 1951 жылдан бастап жүзеге асты.

Қалған «республикалық дипломатия» шетелдің мәртебелі делегацияларын одақтас республикаларда қабылдаудың хаттамалық жұмысы шеңберімен шектелетін.

Одақтық республикалар егемендігін жариялаған 1990 жылдан жағдай өзгере бастады. Республикалардың тала-

бы бойынша олардың егемендігі нақты мазмұнмен толыға түсті: негізінен көрші республикалармен дербес сыртқы саяси байланыстар орнатылды, республика басшыларын КСРО делегацияларын басқартып ресми сапарларға аттандыру тәжірибесі жиіледі, маңызды екіжақты келіссөздерге одақтас республикалар өкілдері кеңінен қатыстырылды.

Тура осы уақытта маған сыртқы істер министрі ретінде Қытай Халық Республикасымен екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды жетілдіру мен нығайту және шекараның қазақстандық бөлігі бойынша кеңес-қытай келіссөздеріне қатысуға тура келді. Түркиямен ынтымақтастықты қалыптастыруға, Президенттері Тұрғыт Өзалдың біздің елімізге бірінші сапарын дайындау мен өткізуге, осы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы алғашқы екіжақты құжаттарды жасауға қатыстым.

СІМ басшысы ретінде Одақтық Шарт жобасына біздің ұсыныстарымызды, сондай-ақ Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның мәтінін дайындауға белсене атсалыстым. Біз Жоғарғы Кеңестің қарауына енгізген ең бірінші Заң жобасы да есімде қалыпты — халықаралық шарттарды жасау мен жалғастыру туралы еді.

Алайда, егемен республикаларды не шетелдік әріптестер, не КСРО СІМ-і халықаралық құқық субъектілері ретінде танымады.

Біз, егеменді республикалардың сыртқы істер министрлері, Мәскеуде өткір көтерген мәселелердің бірі шетелдерде республикалардың консулдық өкілдіктерін ашу болатын.

Мәселен, 1991 жылы Қазақстанда ГФР-дің консуллығын ашу туралы келіссөздер басталды. Мәскеудегі СІМ алқа мәжілістерінде және сыртқы істер министрлерінің жиындарында мен оған жауап ретінде Қазақстан Республикасының Германиядағы консуллығын ашу туралы мәселе көтердім.

Бұл мәселені 1991 жылдың қазан айында ГФР сыртқы істер министрі Г.Д. Геншердің Қазақстанға бірінші сапары кезінде де көлденең тарттым. Айтпақшы, ол Алматы қаласын Мир көшесінің бойындағы біздің СІМ-нің шағын ғимаратына бас сұққан бірінші шетел министрі еді.

Маған КСРО-ның үш сыртқы істер министрімен — Э. А. Шеварднадземен, А. А. Бессмертныхпен және үш ай Б. Панкинмен жұмыс істеуге тура келді.

Бессмертныхтың тұсында егемен республикалардың сыртқы істер министрлері Кеңесі (СІМК) құрылып, оның отырыстары тұрақты түрде Мәскеуде, бір рет Минскіде өткізілді.

Біздер, республикалардың министрлері осы отырыстардың алдында «стратегия мен тактиканы» түзуге жиналатынымыз есте. Одақтың СІМ басшылығына қолайсыз өткір тақырыптағы таласты бастауды оның тоңын жібіту үшін орталарындағы жалғыз әйел заты маған тапсыратын. Өз сөзімді республикалық консулдықтар мәселесімен бастап шетелдерде егемен республикалар өкілдіктерін ашу мәселесімен аяқтайтын мен олардың көкейдегісін де ұмыт қалдырмайтынмын.

1991 жылдың соңына қарай өзіміздің республика басшысымен келісіп алып КСРО СІМ-іне кеңестің ҚХР, АҚШ, ГФР, Франция, Сауд Арабиясы, Корея Республикасы, Испания және Түркиядағы сыртқы мекемелерінде жұмыс істеу үшін сегіз қазақстандық дипломаттың аты-жөнін табыстадым. Сонымен бірге Үкіметке Қазақстан Республикасы СІМ-нің 137 адамнан тұратын штат кестесі жобасын енгіздім, оған алғаш рет Ерекше тапсырмалар жөніндегі елші ережесін қостым. Нью-Йоркке аттанар алдында Премьер-Министрге сол тұста кеңестік дипломатиялық өкілдіктерде жұмыс істейтін қазақстандықтардың аттары көрсетілген тізімді тапсырдым. Олар азшылық, жиырма адамға жетер-жетпес, дипломатиялық шені ең жоғарысы КСРО-ның Корея ХДР-сында кеңесші болып істейтін.

Сонау 1990 жылы-ақ біз Қазақстан СІМ Алқасын ұйымдастырдық, ол тұста министрден, оның орынбасарлары мен бірнеше бөлім меңгерушісінен тұрды. Еліміздің тәуелсіздік алар тұсында Қазақстанның сырты саясат ведомствосын дамыту мен күшейту осылай жүргізілді.

1991 жылдың күзі тұңғыш қазақ ғарышкерінің кеңестік-австриялық экипаж құрамында ұшуымен және Австрия канцлері Ф. Враницкийдің осы оқиғаға байланысты Байқоңыр ғарыш айлағына келуімен ерекшеленді.

Сол жылғы қыркүйек-желтоқсанның арасында АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкер (екі рет), ГФР-дің сыртқы істер министрі Г.-Д. Геншер, Австралияның сыртқы істер министрі Г. Эванс (кейін оны Нью-Йоркте жиі көріп тұрдым) біздің республикамызға ресми сапарлармен ат басын тіреді.

16 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады.

17 желтоқсанда түн ортасында АҚШ Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкерді әуежайдан қарсы алдым. Ұшақ ауа райына байланысты кешікті, Алматыда қар борал тұрды. Әуежайдан бірден Президент Н. Ә. Назарбаевпен келіссөзге бардық, алдымен делегациялардың кеңейтілген құрамында, соңынан екеуі оңаша кездесті. Кездесу барысында біз Қазақстан Президентінің АҚШ-қа келесі жылдың басындағы сапары туралы келістік.

Дж. Бейкерге басқалармен бірге АҚШ-тың КСРО-дағы Елшісі Р. Страусс, оның орынбасары Дж. Коллинз, әскери кеңесші генерал Дж. Шаликашвили (кейін Әскердің Біріккен Штабының бастығы болған ол Нью-Йоркте жолығып, біздің алғашқы кездесуімізді есіме түсірген) еріп жүрді. Ұшақ трапынан түсіп жатып Дж. Коллинз (ол кейін АҚШ-тың Ресейдегі елшісі болды) «Біз Сізге АҚШ-қа рұқсатнаманы ала келдік» деді.

Президент Дж. Бейкерге менің Нью-Йоркке баратынымды және оның АҚШ Әкімшілігі жанындағы өкілі болып табылатынымды хабарлады. Бұған дейін Мәскеуде және Нью-Йоркте бірнеше мәрте жолығысқан Мемлекеттік хатшы менің тағайындалуымды қуана қабылдады және қолдау мен көмектесуге уәде етті.

Таңғы сағат төртте мен үйге оралдым, туған-туысқанмен қоштасып, сағат жетіде Мәскеуге ұшу үшін әуежайға аттандым. Мәскеуде жаппай аласапыран тудырған үлкен қиындықтар салдарынан тек азаматтық авиацияның одақтық мекемесінің төрағасы Т. Г. Анодинаның көмегімен әупірімдеп 19 желтоқсанның түнінде Нью-Йоркке ұштым.

Сол қарсаңда Э. А. Шеварднадземен кездестім, ол жыл соңына қарай КСРО сыртқы істер министрі қызметіне оралып еді. Біз ұзақ әңгімелестік, сол кезде министрге Г. -Д. Геншер телефон соқты. «Кешірек хабарласуын сұраңыздар, мен Қазақстанның министрімен сұхбаттасып отырмын», — деп өз көмекшісіне жауап берді ол. Эдуард Амвросиевич ақ тілекпен аттандырды, деніме саулық, өзіме табыс тіледі, БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-інші сессиясы кезіндегі кездесуімізді еске алды. Бірақ, өзі көңілсіз отырды.

Жайшылықта тәкаппар көрінетін СІМ-де әншейіндегі іскер жағдайдың орнын бір қарбалас басыпты. Қызметкерлер ертенгі күні не боларын білмейді. Мен бірнеше таныс дипломаттарға бас сұқтым. В. Ф. Петровскийге кірдім. Владимир Петрович қаңтар айынан бастап Бас Хатшының саяси мәселелер жөніндегі орынбасары болып БҰҰ-ға жұмысқа кіретінін айтып қуандырып тастады.

Мәскеуден ауыр сезімде аттандым. Соңғы минуттарға дейін мына рейспен ұшатыныма сенбедім, қазір шығарып тастайтындай қорқынышпен ұшақта отырғанмен, тонымды да шешпедім. Лайнер шырқауға шыққанда барып, бойым жеңілдеді, бірақ үйге деген сағыныш күшейе берсін...



Нью-Йоркте мені көріп, бәрі таңдансын. Алғаш жолыққандарымның бәрі «Сізді екі күн бұрын ғана Алматы әуежайында Бейкермен бірге көрмеп пе едік, бүгін мұнда жүрсіз ғой» десін.

КСРО-ның БҰҰ жанындағы Тұрақты Өкілдігіне Қазақстан Республикасының Өкілі болып тағайындалуым Одақ СІМ-і бойынша екінші жағдай екен — менің алдымда ғана КСРО-ның АҚШ-тағы Елшілігіне Ресей өкілі А. Колоссовский келіпті.

Мені Тұрақты Өкілдіктің ғимаратындағы мейманхананың ұядай ғана бір бөлмесіне орналастырды, онда бір жылға жуық тұрдым.

Жана жағдайға үйренген екі демалыс күні осыдан бір жыл бұрын ғұмырымда алғаш Нью-Йоркке келгендегі өз өмірімнің тамаша әрі қызғылықты кезеңінің естеліктері өрбіп қоя берсін.

## БҰҰ-мен БІРІНШІ ТАНЫСТЫҚ

**М**енің БҰҰ-мен бірінші танысуым Қазақ КСР Сыртқы істер министрі болып тағайындалғаныма бір жыл өткен соң 1990 жылдың күзінде өтті. Қалыптасқан дағды бойынша, БҰҰ Бас Ассамблеясының кезекті сессиясына аттанатын кеңестік делегация құрамына КСРО одақтас республикалардың бірінің сыртқы істер министрін қосты.

БҰҰ Жарғысына сай БҰҰ БА 45-інші сессиясындағы кеңес делегациясы БҰҰ-ға мүше басқа мемлекеттердің делегациялары сияқты 5 адамнан тұрды: делегация басшысы – министр Э. А. Шеварднадзе, министрдің орынбасары В. Ф. Петровский, КСРО-ның БҰҰ-дағы Тұрақты Өкілі, Елші Ю. М. Воронцов, Қазақ КСР Сыртқы істер министрі А. Х. Арыстанбекова және КСРО СІМ Халықаралық ұйымдар басқармасының бастығы А. В. Козырев (сәл кейін ол Ресей Федерациясының сыртқы істер министрі болып тағайындалып, сессияға осы лауазымда келді). Украина және Белоруссия КСР-лері БҰҰ-ға мүше мемлекеттер ретінде өз делегацияларын аттандырды, оларды менің әріптестерім, сыртқы істер министрлері А. М. Зленко мен П. К. Кравченко басқарды.

Әдетте, ресми делегациядан тыс әр мемлекет кеңесшілер мен консультанттар тобын жасақтайды, олар сессия жұмысына қатысады. Мүше мемлекеттің ерекше мүддесін қозғайтын күн тәртібіндегі түрлі мәселелер қарал-

ғанда парламент мүшелерін, ғалымдарды, сарапшыларды жіберу де тәжірибеде бар.

Сессия басталар тұста үш делегация — кеңес, украин және белорус — бірге, Нью-Йоркке бір ұшақпен аттанып-тын. КСРО министрі кейіндеу, сессия ашылғанына екі апта өткен соң, жалпы пікірталастар өрбитін тұсқа келетін.

Сөйтіп, мен Нью-Йоркке алғаш 1990 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-інші сессиясына қатысу үшін тап болдым.

Ашығын айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы туралы түсінігім бұлыңғыр еді. Біздің СІМ-де БҰҰ туралы бірде-бір құжат және ешқандай ақпарат болмады.

Нью-Йоркке келісімен халықаралық ұйымның қайнап жатқан қазанына бірінші рет қойдым да кеттім. Алдымен бәрі түсініксіз болды, ең бастысы — сала құлаш күн тәртібі мен сарқылмас құжаттар ағынынан жаңылмау еді. Әрдайым БҰҰ-ның осынау сансыз қарарлары мен шешімдерінің нақты қолданысы бола ма деген сауалға шырмала бергенім есімде.

БҰҰ-ға мүше 159 мемлекеттің өкілдерімен күн сайынғы кездесулер мен танысулар, КСРО-ның, Украина мен Белоруссия КСР-лерінің үш делегациясының тұрақты мәжілістері, сөйленер сөздермен жұмыс істеу — осының бәрі көп қырлы дипломатияның ересен мектебі болса, мен соны ынтамен игере бастадым.

БҰҰ БА-ның 45-інші сессиясы ашылар күнгі қуаныштың жан толқытқан минуттары есімде. Сессия ашылуының алғашқы сөзінен кейін дәстүр бойынша күн тәртібінің 2-інші пунктімен сессия жұмысы басталмас бұрын «Сананы самалдау мен сыйыну минуты» жарияланады. Бұл уақытта әркім өзінше ойланады. Мен өзіме осынау жоғары халықаралық форумға қатысу, БҰҰ Бас Ассамблеясы отырысының тарихи залына қатысу бақыты бұйырғанын ойладым.

Ашылудан бірнеше күн өткенде жалпы дискуссия басталды, онда министр Э. А. Шеварднадзе сөз сөйледі.

Сессия делегаттары оның өз әріптестері мен мүше мемлекеттердің залда отырған өкілдеріне 6 жыл бойына бірлесіп жұмыс істегендеріне білдірген алғыс сөзіне бірден назар аударды. Қалтарыстарды ол кешікпей қызметін тастайды екен деген қаңқу қуалап кетті.

Үш аптадан астам созылған жалпы пікірталас уақытында мен Бас Ассамблея залынан тапжылмадым, Жер шарының барлық бес континетіндегі мемлекеттердің өкілдері болып табылатын мемлекет, үкімет басшыларының, сыртқы істер министрлерінің бірнеше ондаған сөздерін тыңдадым. Министрдің орынбасары В. Ф. Петровский көптеген екіжақты кездесулер өткізіп, ал Елші Ю. М. Воронцов 1990 жылдың тамызында Ирактың Кувейтке баса-көктеп кіруіне байланысты Қауіпсіздік Кеңесінен еш шыға алмай жатқандығынан БҰҰ Бас Ассамблеясында Кеңес Одағы атынан негізінен менің отыруыма тура келді. Табан аудармай қатысып отыруымды 45-інші сессияның Төрағасы, Мальтаның Премьер-министрінің орынбасары және сыртқы істер министрі Гвидо де Марко байқап, мені «ен тәртіпті делегат» деп атады.

Ол жылдары сөйленетін сөздер уақыт жағынан шектелмейтін, талайлар асып-төгіліп жататын. Мен тіпті, ел неғұрлым кішкентай болса, басшысының сөзі соғұрлым ұзақ болады екен деген әсерде қалдым. 1 – 1,5 сағатқа созылған сөздерді тыңдауға да тура келді. Әдетте, әлдебір кішкентай мемлекеттің басшысы өзінің жалпылама сөзінде мемлекеттің саяси салмағына немесе жағырапиялық орналасуына қатыссыз халықаралық проблемалардың ешбірін қалдырмай талқылап тастайтын.

Кейін ғана, 90-шы жылдардың ортасынан Бас Ассамблея жұмысын тәртіпке түсіру шаралары қолданылды және жалпы пікірталастар 2 аптадан аспайды, ал сөздер анағұрлым қысқарды. БҰҰ көнекөздерінің айтуынша, БҰҰ құрылған кезден бергі ең ұзақ сөз 50-ші жылдары Үндістанның БҰҰ-дағы Тұрақты Өкілінің Қауіпсіздік Кеңесінде Каш-

мир мәселесі төңірегінде сөйлеген екен, ол жеті сағатқа дейін созылыпты.

45-ші сессияның жалпы пікірталасы 1990 жылы тамызда Ирактың Кувейтті басып алуынан кейін өтті. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі бұл басқыншылықты дереу айыптады, Ирактан өз әскерін әкетуді талап етті және Иракқа қарсы жаппай санкция салды. Бас Ассамблеяның сессиясында БҰҰ-ның барлық мүше мемлекеттері Ирактың әрекетін айыптады және Кувейт аумағынан әскерін шұғыл шығаруды талап етіп жатты.

Кувейттің эмирі шейх Ас-Сабахтың БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеуге шыққан кезінде залдың оны қошеметтеп, ынтымақтастығы мен жанашырлығын байқатып, бәрі орындарынан тұрып, ұзақ уақыт қол шапалақтағаны есімде.

Ол замандағы екі астам державаның бірі Кеңес Одағының делегациясын көзден таса етпеді. КСРО-дағы демократияландыру үдерісі, М. С. Горбачевке Нобель атындағы Бейбітшілік сыйлығының берілуі, орта қашықтықтағы ядролық зымырандарды қысқарту жөнінде Э. А. Шеварднадзе мен Дж. Бейкер арасында Нью-Йоркте жүріп жатқан келіссөздер БҰҰ дипломаттары арасында оң әсер қалдырды.

Бірақ Қазақстан туралы ешкім ештеңе естімеген екен. Мен БҰҰ Бас Хатшысы Перес де Куэльярмен кездесу ұйымдастыруды өтіндім. Кешікпей, ол мені БҰҰ Штаб-Пәтерінің 38-ші қабатындағы өз кабинетінде қабылдады.

Қазақстан туралы, біздің халқымыздың тарихы мен мәдениеті жайында әңгімеледім. Арал теңізі мен Семей полигоны тақырыптарын қозғадым. Өте байсалды, сырт қарағанда тіпті, тым сыпайы Бас Хатшы бұл ақпараттарды ынтымақтастықтады, бірқатар сұрақтар қойды. Осылайша, БҰҰ Бас Хатшысы ресми қабылдаған Қазақстанның бірінші өкілі болдым.

Оның орынбасарларымен де кездесіп, БҰҰ-мен ынтымақтастыққа біздің елімізді қосу мүмкіндіктерін талқыла-

дық. Бас Хатшының саяси мәселелер және қарусыздану жөніндегі орынбасары Ясуси Акашимен, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Рафиуддин Ахмедпен, ақпарат пен баспасөз жөніндегі орынбасары Тереза Паке-Севиньмен әңгіме жарасымды жүрді. Арада жылдар өткенде, Я. Акаши Бас Хатшының төтенше жағдайлар жөніндегі орынбасары лауазымында Қазақстанға келді.

КСРО-ның БҰҰ-дағы Тұрақты Өкілдігінің баспасөз қызметі БҰҰ жанында тіркелген журналистер үшін, ал олар әлемнің 100-ден астам бұқаралық ақпарат құралдарын қамтиды, баспасөз мәслихатын өткізуімді ұсынды. Мен бірден келістім, кешікпей бұл оқиға Кеңестік Қазақстанға арналған кеш ретінде Штаб-Пәтердің үшінші қабатындағы БҰҰ тілшілерінің Клубында өтті.

Мен ағылшын тілінде шағындап қана сөйледім (айтпақшы, сол кезде БҰҰ-да жұмыс істеген кеңестік атақты аудармашы және дипломат В. М. Суходрев менің тілімді мақтады). Одан соң енді аудармашылардың көмегімен бір жарым сағат бойы сан қилы сұрақтарға жауап бердім. Қызығушылық керемет болды, бірнеше ондаған журналист жиналды, Клуб залы аузы-мұрнынан шығып кетті. Біз азғантай коктейль ұйымдастырғанбыз, сөйтіп баршаның пікірінше, кеш тым тартымды өтті. Ертесінде маған қатысушылардың тізімін көрсеткенде барып қаншалық қажетті және мәнді шара өткізгенімізді түйсіндім. Эй-Би-Си, Эн-Би-Си, Си-Эн-Эн, Франс-Пресс агенттігі, Синьхуа, «Рейтер», Би-Би-Си, «Нью-Йорк Таймс», «Вашингтон Пост», қысқасы әлемдегі барлық ірі БАҚ жүр және сол тізімнің өзінен, болары болып кетсе де менің тізем дірілдеген. Халықаралық құқық субъектісі болып табылмайтын елге арналған шараның БҰҰ Штаб-Пәтерінде өтуі бұрын-соңды кездеспеген жағдай екен.

Осы кештен естелік ретінде мен Журналистер Клубына ұлттық жәдігер кілемшені тарту еттім. 7 жылдан соң 1997 жылғы 2 наурызда Қазақстанның БҰҰ-ға қосыл-

ғанының бес жылдығына орай әлгі Клубта тағы сондай шара өткізгенде тісқаққан тілшілер біздің бірінші кездесуімізді еске алып жатты. Мен тарту еткен кілемшенің төрдегі орнында ілулі тұрғанын көру әдемі әсер қалдырды.

7 қазанда Қазақ КСР-інің құрылғанына 70 жыл толу құрметіне біз Елші Ю. М. Воронцовпен бірлесіп БҰҰ жанындағы кеңестік өкілдікте ресми қабылдау жасадық. Қонақ көп келді, бірқатар елдердің Елшілері, БҰҰ Бас Хатшысының барлық орынбасарлары, көрнекі америка саясаткерлері, Нью-Йорктің іскер және қаржы топтарының өкілдері жиналды.

25 қазанда Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды.

БҰҰ сессиясында жүргенде мені толғандырғаны Қазақстанның, бұрынғы одақтық республиканың БҰҰ әрекетіне қатысу мүмкіндігі туралы ой еді. Біз бұл проблеманы сессияға аз уақытқа келген, жаңа тағайындалған РСФСР сыртқы істер министрі Андрей Козыревпен әденеше рет талқыладық. Мынадай жолын да ойластырдық: КСРО БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі, ал әрбір одақтық республика Бас Ассамблея мүшесі болсын. Әрине, бұл таласты, жүзеге асуы мүмкін емес вариант, өйткені, егемен одақтас республикалар халықаралық қатынастар субъектісі емес, сондықтан БҰҰ-ға мүше бола алмайды.

Өз заманында Сталин БҰҰ дүниеге келіп жатқанда барлық одақтас республикаларды Ұйымға мүшелікке алады ұсыныпты. Оған Рузвельт мұндай жағдайда Американың барлық елу штаты БҰҰ мүшесі болады деп жауап берген. Сол себепті ымыраласу ретінде БҰҰ-ны құрушы мемлекеттер санына екінші дүниежүзілік соғыстан бұрынша зардап шекті деп тек Украина мен Белоруссия КСР-лерін қосу ұйғарылыпты.

БА 45-ші сессиясы аясында балалардың мүддесі үшін бірінші Бүкілдүниежүзілік кездесу өтті. 30 қыркүйекте Бас Ассамблея залынан әлемнің 150-дей мемлекетінің монар-

хтарын, президенттерін және премьер-министрлерін көруге болатын. Ю. М. Воронцов мені Ұлыбританияның Премьер-Министрі Маргарет Тэтчерге таныстырды. Қысқа әңгіме кезінде ұзақ жылдар бойы өте жоғары қызметте жүрген айтулы әйелге өзімнің құрмет сезімімді білдіре отырып, оны Қазақстанға келіп қайтуға шақырдым.

Тек мемлекет немесе үкімет басшылары ғана осы Жоғарғы дәрежедегі кездесуге қатыса алады. КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н. И. Рыжков соңғы сәтте Нью-Йоркке келе алмағандықтан, біз Э. А. Шевраднадзе екеуміз КСРО делегациясын құрадық, бірақ залда бақылаушылар мәртебесінде ғана жүрдік.

Осынау теңдессіз саммит балалар мүддесіне арналған Бүкілдүниежүзілік декларация қабылдады — құжатта әлем көшбасшылары өз елдерінде балалар құқығын қорғау мен дамытуды, олардың денсаулығы мен тамақтануын жақсартуды, білімге жол ашуын қамтамасыз етуді және балалар еңбегін қанауды дереу тоқтатуды міндеттенді. Сол жолы мен осы кездесудің бастамашысы, ЮНИСЕФ-тің Атқарушы директоры Джеймс Грантпен алғаш таныстым, кейінірек біздің еліміз БҰҰ-ға қабылданған шақта біздер бірлесіп БҰҰ Балалар қоры мен Қазақстан ынтымақтас­тығының негізін қаладық.

КСРО-ның БҰҰ-дағы Тұрақты Өкілінің шақыруымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Палестина туралы талқылау өткізген отырысына қатыстым. Залдағы теледидардан Иерусалимнің шығыс бөлігіндегі палестиндықтар мен израильдік солдаттардың қақтығысын көрсеткен деректі кадрлар маған қатты әсер етті. Кеңес делегациясымен қатар сол тұста ҚК-нің тұрақты емес мүшесі болған Финляндияның делегациясы отырды, оның құрамы — Елші, орынбасары және мүшелері тегіс әйелдер екен. Юлий Михайлович өз әріптесіне мақтанышпен «біздің делегациямызда да әйел бар», ал маған «ақылымнан алжаспасам, алғаш рет» деп қойды.